

Э.Н.Ажарбекова

Об определенности / неопределенности, выраженной посредством неопределенного лица, неопределенного члена предложения и контекста

Для казахского языкознания категория определенности/неопределенности является вопросом нерешенным. В статье рассматриваются и анализируются факты определенности / неопределенности, относящиеся к казахскому языку. Выявлено, что такая семантика может выражаться посредством неопределенного лица, неопределенного члена предложения и контекста.

E.N.Azharbekova

Expression of certainty / uncertainty by unspecified persons unspecified part of the sentence and the context

For Kazakh linguistics category of certainty/uncertainty is a undecided question. The facts of the expression of certainty/uncertainty, referring to Kazakh language are considered and analyzed in article. On material of the Kazakh language is revealed that such semantics can be Showing by unknowing face, of unknowing membe of sentence and context.

ӘОЖ 81'

Б.Досжанов

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана

Қазақ тіліндегі антропонимжасамдық қосымшалардың тілдік ерекшеліктері

Мақалада антропонимикалық аффикстердің ерекше қасиеттері мен оларға тән жалпы белгілер қарастырылды. Аффикстер табиғаты антропонимикалық жүйеге тән тұтастықта ашылды. Автор антропонимикалық аффикстер ерекшеліктері мәселелерін қарастырудың жаңа әдістемесін ұсынды.

Кілтті сөздер: қазақ есімдері, тілдің лексикалық қоры, қосымшалардың табиғаты, антропонимдік жүйе, антропонимжасамдық қосымша, еркелету аффикстері, кішірейту аффикстері, аффикстік тәсіл, лексикалық мағына, грамматикалық мағына.

Қазақ есімдері — тілдің лексикалық қорында өзіндік орны бар үлкен саланың бірі. Осыған орай оның құрамындағы қосымшалардың табиғаты да, антропонимдік жүйеге тән біртұтастығымен айқындалады. Сол тұтастықтың құралу себептерін анықтау барысы мәселені қарастырудың жанаша тәсілін ұсынады. Өйткені осы кешенді құрайтын алуан түрлі элементтерді «антропонимжасамдық қосымшалар» деген атаудың аясына топтастырып тұрған, оның шығу тегіндегі «кейбір жақындықтары»* мен күнделікті қолданыстағы қызмет бірлігі дами келе, жаңаша сипатқа ие болып отыр. Кісі аттарын жасаушы қосымшаларды тілдік табиғатына қарай топтастырғанда Т.Жанұзақов антропонимдердің жасалу жолдарына байланысты зерттеуінде кісі аттарын жасаушы қосымшаларды, сөз таптарына тән қосымшаларды жеке алып және «еркелету, кішірейту аффикстері...», «антропонимдердің құрметтеу, сыйлау, қадірлеу аффикстері...», «антропонимдерді жасаушы аффикстер», «кісі аттарындағы көне аффикстік тәсіл» т.б. секілді түрлерін атап өтеді [1; 129–168].

* *Ескерту.* «Кейбір жақындықтары» деуіміздің себебі, кісі есімдерінің құрамындағы қосымшалардың тұлғалық жағынан ұқсастықтары болғанмен, шығу тегі бойынша олардың бәрі бірдей ортақ негізден тарамуы мүмкін. Мысалы, *-ақ* қосымшасы әрі түстің атауы, әрі еркелету, құрметтеу мәнді қосымша: *Жан-ақ* есімінің құрамын «жаны-ақ» деп те, *Жанарыс*, *Жанболыс* секілді есімдердің еркелету мәнінде түбірге қосымша (*-ақ*) өзгертілген түрі болуы да мүмкін. Этимологиясына жасалған талдаулар әр кезде әрқалай екенін көрсетіп отыр, сондықтан екеуін де жоққа шығаруға болмайды.

Мұнда ғалым негізінен қосымшалардың сөз таптарына қатыстылығы мен шығу тегіне тоқталады, ал мәселеге өз көзқарасымыз тұрғысынан келер болсақ: тілімізде антропонимжасамдық қосымшалардың бары анық, олар біреу ғасырдың айналасында қалыптаса қалған жоқ, сондықтан шығу тегі жағынан түрлі сөз таптарына тән екендігін мойындамауға болмайды, алайда ендігі қаралуға тиіс мәселе — сол түрлі сөз таптарына тән қосымшалардың антропонимжасамдық кешенге топтастыратын белгілері турасында болмақ. Бір ауыз сөзбен айтар болсақ, антропонимжасамға қатысатын қосымшалардың барлығына тән ортақ қасиет — кісі есімін жасау. Осылай ғана тұжырымдап қоя салуға болар еді, дегенмен кісі аттарының өзіне ғана тән ерекшеліктері арнайы талдауларды қажет етеді. Енді осы кешенге топтасқан түрлі элементтерге талдаулар жасап көрелік.

Антропонимжасамдық қосымшалар арасында тілдік табиғаты жағынан алғанда әуел бастан есім жасау үшін қолданысқа түскен қосымшалар бар, сонымен қатар бастапқы лексикалық мағынасынан ажырап, грамматикалық мағынасы басым сипат алған дербес мәнді сөздер де кездеседі: *бай, бек, хан*,** т.б. осы топқа жатқызуға болады. Қазақ халқының ат қою дәстүріндегі ерекшеліктерге сай, тіліміздегі сөздердің басым бөлігі антропоним болуға бейім тұрады. Алайда олардың ішінде жеке айтылғанда, бірден кісі аты ретінде танылатын — нормаға айналғандары бар да, екіұдай пікір тудыратындары, яғни әрі кісі есімі, әрі жалқы есім ретінде танылатындары да бар. Осы жерде аталған антропонимжасамдық қосымшалардың дербес қызметі аңғарылады. Мысалы, *Айбек, Бауыржан, Нұрқан, Қойшыбай*, т.б. қазіргі кезде тек кісі есімі ретінде танылса, *Алма, Бота, Сапар, Мерей*, т.б. әрі жалқы есім, әрі кісі аты ретінде қатар қолданылады. Алғашқыларының тек кісі есімі ретінде танылуына құрамындағы қосымшалардың әсері болып тұрғаны анық. Олардың түбірге жалғануының өзінен антропонимдік болмысқа тән сипат байқалады. Таратып айтар болсақ, төмендегідей ерекшеліктерін байқаймыз: *Ай* мен *бек* сөзінің мағыналары бір-бірінен алшақ тұр, екеуінің арасында дәстүрлі лексика-грамматикалық жүйе бойынша алғанда ешқандай байланысу мүмкіндігі жоқ. *Айдай бек* болсын деген көңілден туған мағынаны ескерсек, бірінші сөзге қосымша жалғануы тиіс еді. Екі сөздің арасында байланыс тудырып тұрған антропонимдік жүйеге тән ерекшелік. Осы секілді ілгеріде аталған бірінші топтағы өзге есімдердің табиғатынан да осындай ерекшелік байқалады. Ал кейінгілері қолданылу жиілігі жағынан алғашқыларынан кем болмағанымен, әрі жалпы есім ретінде қатар қолданылатындықтан және құрамында ондай антропонимжасамдық қосымшалары болмағандықтан, біржақты антропонимдік бірлікке айнала алмай отыр. Демек, *бай, бек, жан, қан* дербес сөздер болғанмен, бастапқы мағыналарынан алшақтағаны белгілі, олардың табиғатындағы осы өзгірістің өзі сөздердің түбіріне жалғанғанда оның кісі есімі ретінде танылуына мүмкіндік береді. Осы қасиетіне байланысты қазіргі кезде бұл тұлғалар қосымша ретінде де танылады. Т.Жанұзақовтың, татар зерттеушілерінің, тағы басқалардың еңбектерінен бұл сөздерді қосымша ретінде тану ыңғайы байқалады.

Аталған қос қызметті қосымшалардан бөлек кісі аттарын жасаушы қосымшаларды Т.Жанұзақов бірнеше топқа бөліп қарастыратынын ілгеріде айтып өттік. Жалпы антропонимжасамдық қосымшалардың тілдік табиғаты тұрғысынан алғанда біз *қарапайым қосымшалар* және *еркелету-құрметтеу* мәнді қосымшалар деп топтастырар едік. Бұлардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар.

Қарапайым қосымшалар шығу тегі жағынан белгілі бір сөз табына қатысты болып келеді. Олардың антропонимжасамдық қызметінің өзіндік ерекшелігі кісі есімі құрамында қолданысқа түскенде олар арқылы берілетін грамматикалық мағыналар көп назарға алына бермейді — *Нұрлыбек, Нұржан, Нұрман, Нұртан* т.б., барлығына ортақ антропонимдік мағына *Нұрлы* т.б. болсын деген мақсаттан туған. Грамматикалық мағына аса еленбейтіні байқалады, демек олар антропонимжасамдық форманың ғана қызметін атқарып тұр (бұл турасында сәл кейінірек). *Қарапайым* қосымшаларға тән ерекшеліктердің келесі бірі — өзі жалғанған сөздің түбірін өзгертпейді, тек тілдің дәстүрлі дыбыстық заңдарына сай формасы түрленеді. Бұл жөнінде біршама зерттеу жұмыстары болғаны белгілі, алайда антропонимжасамдық табиғатына байланысты айтылатын өзге де ерекшеліктері бар екені рас, ол арнайы қарастыруды талап етеді, сондықтан тақырыптан ауытқымау үшін және мақала көлеміне сай қысқаша осылай тұжырымдаймыз.

Еркелету-құрметтеу мәнді қосымшалардың екеуі екі түрлі мақсатта қолданылады: кішірейту, еркелету және сыйлау, құрметтеу. Бұларға тән ерекшеліктердің бірі жалғануында — көп жағдайда

** Бұл аталғандар қазір көптеген сөздердің түбіріне немесе негізіне жалғанып, бастапқы мағынасынан бұрын оның кісі аты екенін білдіреді. Мысалы, *Қойшыбай, Құлбек* т.б. секілді есімдердің құрамындағы компоненттердің мағынасы бір-біріне қайшы, бұл жерде *бай* мен *бек* ең бірінші өздері біріккен сөздердің кісі аты және ер балаға тән есім екенін білдіріп тұр. Осы ерекшеліктері олардың қосымшаларға тән сипатын айқындайды.

өздері жалғанған сөздің түбірін қысқартып, өзгертіп жібереді де, жаңаша антропонимдік форманың қалыптасуына себепші болады. Мысалы, *Қожабек, Нұрлан, Болатжан* т.б. секілді есімдердің құрамына еркелету мәнді қосымшалар жалғанып, жаңаша *Қож-ан, Қож-ай, Қож-ш, Нұр-тай, Нұр-ыш, Нұр-еке, Бол-аш, Бол-ан, Бол-ақ* т.б. тұлғалар қалыптасқан. Бұл ерекшелік сөздің белгілі бір шегі бойынша қатаң тәртіп жүйесіне бағынбайды. Мысалы, *Болатты Бәке* деп атағанда, бастапқы түбірдің бірінші дыбысы ғана сақталады, ал *Боқа* десе — екі дыбысы, *Болтай* десе үш дыбысы сақталады және бұл осы аталғандармен ғана шектелмейді, айтылу ыңғайына қарай түрліше өзгеріп отырады. Антропонимжасамдық қосымшалардың қазіргі кезде өзіндік формалары қалыптасқан және олар сөз түбірінің соңғы дыбысына байланысты түрленіп жалғанады: *Дос-ым, Көш-ім, Толы-м; Дос-ақ, Көш-ек, Толе-к, Аж-ық, Бөж-ік* т.б.

Қарапайым көпшіліктің ұғымында антропонимжасамдық қосымшалардың грамматикалық мағынасынан гөрі дыбыстық формасы бірінші орында тұрады. Ілгеріде аталған *Нұрлыбек, Нұржан, Нұрман, Нұртан* т.б. секілді есімдер мағынасының ортақ болып келуінен осыны аңғарамыз. Сонымен қатар мынандай бір мысал келтіруге болады: *Түлкібай* есімінің мағынасын бала болашақта *ақылды, айлалы, білгіш* болсын деген арман-тілекпен де, әкесі не туыстары түлкі аулап келген күні туылғандығымен де т.б. түрлі жағдаймен байланыстыруға болады. Осыған орай есімді *Түлкібай* десек те, *Түлкібек* десек те тіпті осы екеуінсіз тек *Түлкі* (*Түлкиев* деген фамилия құрамында кездеседі) десек те осы аталған мағыналарды берген болар еді. Бұл антропонимжасамдық қосымшалардың баршасына тән қасиет болып табылады, сондықтан грамматикалық мағынасында шарттылық сипат бар екенін және оның негізінен мағына үстеуден гөрі, форма тудырушылық қабілеті басымырақ екенін атап айтқан орынды.

Антропонимжасамдық қосымшалар тек заттық мәнді атауларға ғана емес, етістіктерден жасалған есімдердің тұлғасына жалғанады. Мұнда да олардың кісі есімін жасау қызметінің грамматикалық сипаты өзгермейді. *Тұрған, Тұрды, Тұрар, Тұрсын, Тұрым* т.б. құрамындағы жұрнақтардың әр түрлі грамматикалық реңкі, яғни, *бұрынғы өткен шақ, жедел өткен шақ, болжалды келер шақ* және *бұйрық райлы үшінші жақ* мәні қарапайым *тұр* — етістігінің түбіріне жалғанса, өзара айырмашылықтары білінер еді, ал кісі аты ретінде келгенде бұл мағынасы назарға алынбайды. Т.Жанұзақовтың еңбегіндегі талдауларда бұл есімге мынандай анықтама беріледі: «Тұрғанбек бала өмірде ұзақ өмір сүрсін, тұрақтап қалсын деген мағынаны білдіреді» [2; 140], «Тұрдыбек — бала көп жасасын, ұзақ өмір сүрсін деп қойылған есім. Дыбыстық өзгеру түрі — Тұрлыбек», «Тұрсын, баласы тұрақтамаған семьяда туған балаға осындай есім берілген [2; 140]», яғни мұнда да өмірлі болсын деген мән жатыр. *-ар* тұлғалы *Тұрар* есімі де, қазақ халқының ұғымына осы мағынасы бойынша сіңісіп кеткені белгілі. Демек, олардың құрамындағы қосымшалар антропонимге грамматикалық мағына үстеп тұрған жоқ, тек жаңаша форма ғана беріп тұр. Арнайы мәнге ие болмағандықтан, түбірге жалғанғаннан кейін, оларды біртұтас тұлға ретінде де тануға болады. Мысалы, Бергенбайдың Байберген түрінде қолданылуы немесе етістік тұлғалардың бірінші орынға қойылып, *Тұрсынжан, Келдібек* т.б. түрінде қолданылуы — осы тұлғалардың антропоним компоненті ретінде танылуының бір көрсеткіші. Оларды осы қызметіне қарай форма тудырушы қосымшалар деп те атауға болады. Осы орайда кейбір қосымшалардың грамматикалық мағынасы туралы ғылыми пікірлерге тоқтала кетуге тура келеді: мысалы, «Айдай, Тастайбек тәрізді есімдерде *-дай, -тай* аффикстері салыстырмалы сын туғызатын жұрнақ мағынасында жұмсалып, субстантивтеніп тұр. Сондай-ақ Алмастай, Серіктей, Күландай, Мұраттай деген мысалдарда «сияқты», «тәрізді» сөздерінің орнына қолданылған қатыстық сын жұрнағы мағынасын аңғартады» деген жолдарда есімнің грамматикалық мағынасы туралы айтылып тұр [1; 158]. Алайда бұл есімдерге қатысты алғанда екі мәселе ойға оралады: біріншіден, олардың құрамындағы қосымшалар байқап қарасақ, *-тай, -тей, -дай* тұлғаларында келген. Мағыналырын шығу тегіне байланысты саралар болсақ, әр түрлі жолдармен қалыптасқанын байқауға болады. Мысалы, алғашқы *тай*-ды еркелету мәнді (жылқы төлінің атауынан жасалған), *-тей* сын есім тудырушы жұрнақ деп қарастырып, *-дай*-ды халық әніндегі «Күланда-ай-мен (Күлән-дай емес)» салыстыруға да болады, сондықтан олардың басын біріктіріп тұрған ерекшелік антропонимжасамдық қасиеті. Екіншіден, аталған есімдер бастапқыда сол мағынада қойылғанмен де, қолданыла келе еркелету-құрметту мәнінен ажырап қалаған. Өйткені дыбыстық тұлғаның қызметі мен мағынасының арасында ешқандай байланыс болмайды, яғни кісі атының қызметі жеке адамды атау, сондықтан белгілі бір жағдайға немесе арман-тілекке байланысты ойға алынған бастапқы мағына келе-келе екінші орынға ығысады да, есім тұлғасы тұтастай, жеке адамның бейнесін білдіретін болады: есім айтылғанда кісі есімі деп қабылдаймыз немесе есімі сондай адамды ойымызға аламыз. Антропонимжасамдық қосымшалар

табиғаты тұрғысынан зерделегенде, осы екеуінің ішінен соңғысы, яғни кісі есімінің тұтастай тұлғасы, басшылыққа алынады.

Антропоним тудырушы қосымшалар — түрлі даму сатыларынан өтіп, қалыптасқан және грамматикалық мағыналары жағынан алғанда алуан түрлі элементтердің жиынтығы. Солардың бірнешеуіне тоқталып көрелік: *Тоқ-а, Ман-ақ, Ақан, Ақыш, Ақтай* т.б. секілді тұлғаларды негізінен кісі есімі ретінде танымыз. Түбір мен қосымшаларға жіктесек, *Ақ* және *-а, -ақ, -ан, -тай, -ыш* болып шығады. Этимологиялық табиғаты терең талдауларды қажет ететін осы қосымшалардың антропонимжасамдық қабілетінің қалыптасу тарихы мен мағынасының өзіндік сырлары терең, алайда мақсатымыз қазіргі қолданысы тұрасында болғандықтан, даму ерекшеліктеріне тән үдерісті шектеулік* [3] мәннен кішірейту, кішірейтуден еркелетуге; көптік мәннен үлкейту, үлкейтуден сыйлау, құрметтеу мәніне ауысқан деген қысқаша тұжырым жасаймыз. Аталған қосымшалардың ішінде арнайы тоқталуға тура келетін келесі бірі — *-тай*. Біздің пікірімізше, жылқы төлінің әлі жастығы, ондағы балаға тән қасиеттер, қазақ халқының жылқыны ерекше жақсы көруі секілді экстралингвистикалық факторлар *тай* сөзінің мағыналық жағынан өзгеріп, еркелету мәнді қосымшаға айналуына себеп болған секілді. Осындай тілдік эволюциялық жолдар арқылы қалыптасқан еркелету-құрметтеу мәнді қосымшалар осы қасиетке ие болған соң да тоқталып қалмайды, белгілі бір тұлғаның (адамның) есіміне жалғанып, тұрақты түрде тілдік санаға сіңіскеннен кейін өзі жалғанған сөздің немесе дыбыстық форманың ажырамас бөлігіне айналып, келесі сатыда дербес есімдер болып қалыптасады. Қазір азан шақырып ат қойғанда аталған есімдер балаға еркелету мақсатында қойылмайды, керісінше, дайын тұлға болғандықтан, таңдалады. Бұлар ертеректе құрметтеу-еркелету мақсатынан шығып, жұртшылыққа осы формасында танымал болған тарихтағы белгілі бір тұлғаның есімі болуымен немесе ат қоюшының талғамына қарай дыбыстық формасының айтуға жеңіл, көркем болуымен байланысты болуы мүмкін. Сөйтіп, тұрақты қолданыстың нәтижесінде дербес есімдер ретінде тілде нормаға айналған. Бұл жағдайда «ол есімдердің антропонимжасамдық қабілеті қайдан байқалады?» деген сұрақ тууы мүмкін. Мысалы, *Ақан, Ақыш, Ақтай, Ақжан* т.б. секілді есімдердің түбірі бір, алайда жалғанып тұрған қосымшалары түрліше, бір қызығы, осы есімдер бірінің орнына бірі қолданылмайды — әрқайсысы дербес тұлға. Оларға дербестік беріп тұрған мағына емес, тағы да осы қосымшалар. Мағыналық ерекшеліктері тұрғысынан алғанда бастапқы уәждемелік белгілері өшкен, енді тек белгілі бір тарихи тұлғаның қасиеттері немесе ат қоюшылардың әрқайсысының есімді таңдағандағы мақсаты мағына ретінде қабылданады. Бұл уәж белгілі бір адамдардың арасында ғана белгілі болғанмен, жаппай баршаға танымал бола бермейді, сондықтан есім кейінгі мағынасынан да ажырап тек антропонимдік тұлға ретінде сақталады.

Түбір сөзге немесе антропонимжасамдық түбір сипатты формаларға жалғанатын әр қосымша сыртқы тұлғасының өзіндік ерекшелігіне қарай дербес есім жасауға қызмет етеді. Мысалы, тілімізде дербес антропонимдер ретінде қалыптасып қалған *Кәкіш, Кәкен, Кәкібала, Кәкітай, Кәкім* т.б. әрқайсысы шығу тегі жағынан бір-біріне жақын — араб тілінен енген *Хакімнің* қазақы сипатқа ие болуы нәтижесінде, яғни *Кәк* болып қысқарған формаға түрлі қосымшалардың жалғануы арқылы жасалған. Бұлардың барлығы еркелету мақсатынан шығып, келе-келе дербес мәнге ие болған. Сонда түбір де, мағына да ортақ болып шығады, алайда қосымшалардың түрлі формаларда келуіне байланысты әрқайсысы жеке адамдарды атайды, атап өткеніміздей, бірінің орнына бірі қолдануға аса келе бермейді. Демек, антропонимжасамдық қосымшалар қызметінде мағынадан гөрі, дыбыстық формалардың ерекшелігі басымдыққа ие екені осы жерден де көрінеді.

Антропонимжасамдық қосымшалардың шығу тегіне байланысты бастапқы мағынасының төркіні негізінен этимологиялық талдаулар жасаған ғылыми қауымға ғана белгілі болуы мүмкін, алайда есімдерді тұтынушы жалпы жұртшылыққа түсінікті жаңа мағынасы оның қызметіндегі белгілерді айқындап отырады. Қолданылуына қатысты болғандықтан, жалпы жұртшылықтың ұғымындағы жаңа мағынаның рөлі жоғары тұрады. Өйткені есімдерді мағыналық жағынан байытатын өмірдегі қолданысы. Осы орайда қолданылу ерекшелігіне байланысты қалыптасқан мынандай мәселені айта кетуге тура келеді. Мысалы, қазіргі көзқарас тұрғысынан алғанда, есімдер құрамындағы *-ақ* қосымшасының еркелету мәні жалпы жұртшылыққа белгілі. Сондықтан, әлеуметтік тұрғыдан алғанда, оның шығу тегіне мән берілмей тек, түрлі даму сатыларынан өтіп келіп осы тұлғаға сіңірілген еркелету мағынасы ғана басшылыққа алынады. Т.Жанұзақов бұл қосымшаның ертеден бар

* А. Ысқақов *-ақ* тұлғасын күшейткіш демеуліктер қатарына қосады: *Ертең емес, бүгін-ақ, қазір-ақ жүрсек етті* (М.Әуезов), сөз мағынасы арқылы беріліп тұрған ақпараттарға тереңірек назар салар болсақ, істің бүгіннен қалмай, яғни осы күннің шегінде, орындалғанын қалау байқалады. Осы жерден шектік мағына байқалады, сондықтан қосымшаның кішірейту, еркелету мағынасына ие болуы осы негізден бастау алады деген болжам жасаймыз.

екенін айта келіп, көне кісі аттарынан мынандай мысалдар келтіреді: *Сапарбай — Сапақ, Қожамбет — Қожзақ, Мәтиақмет — Матақ, Сәрсенбай — Сәрсек* т.б. Осы түбірлермен байланысты кей тұлғалардың құрамындағы *-ақ* еркелету мәнді қосымшаға ұқсағанмен, талдаулар барысы түзілімнің басқа бір жолын ұсынады. Мысалы, *Молдахметті — Молдақ, Сейдахметті — Сейдақ, Қожахметті — Қожзақ* деп еркелеткенде, құрамындағы *-ақ* аталған есімдер құрамындағы *-ах*-тың өзгерген нұсқасы емес пе екен деген ой келеді. Біздіңше, лингвистикалық табиғаты бойынша талдағанда, бұл ерекшелікті ашып көрсеткенімізбен, дәл осы есімдердің құрамындағы *-қ (-ақ)* тұлғасын еркелету мәнді қосымша ретінде қарастыруымызға негіз бар. Өйткені осы түбірлерден тарайтын, *Қожан, Қожай, Қожаш* есімдері *Қож-* формасын қалыптастырып отыр, сол секілді *Молда-ш, Молда-бек* және *Сейт-ен, Сейт-ек, Сейт-ай* тұлғалары да осы жолмен жасалған. Мұндайда *Қож-* (*Молда-, Сейт-*) формасын жоққа шығара алмайтын болғандықтан, *-ақ* тұлғасын да түбірге қарай ығысқан екінші компоненттердің бөлшегі екеніне қарамай, қосымша ретінде қарастыруымызға тура келеді. Жұртшылықтың санасында олар қысқарған тұлға емес, еркелету мәнді әрі антропоним тудырушы қосымша ретінде танылып отырғандықтан, осындай тұжырым жасауға болады. Оған қысқартып айтудың өзінде де болатын еркелету мәні қосымша мүмкіндік береді. Мұндай ерекшелік жалпы антропоним тудырушы қосымшалардың басым көпшілігіне тән болып келеді. Зерттеулер барысы түрлі элементтердің бірігіп, жаңаша формаларды түзуі кісі есімдеріне тән ерекшеліктердің бірі деген тұжырымға жетелейді.

Қазақ тіліндегі антропоним тудырушы қосымшалардың шығу тегі алуан түрлі болып келеді. Тіліміздегі өзге қосымшалардан айырмашылығы, олар негізінен грамматикалық мағынасына қарай емес, дыбыстық формасына қарай топтасады. Мысалы, қазақ тіліндегі *-м* тұлғалы қосымшаны шығу тегіне немесе морфологиялық құрылымына қарай талдағанда білдіретін мағыналарына қарай кейбірін *Досым, Нұрым, Гүлім* т.б. I-жақ тәуелдік жалғауының қатарында есептейміз да, *Тұрым, Келім* т.б. секілді зат есім тудырушы жұрнақ қатарына, ал антропонимжасамдық формалар тұрғысынан алғанда, ілгеріде атап өткеніміздей, қызметіне қарай оларды *-м* тұлғалылар қатарына жатқызамыз. Ал тәуелдік жалғауының III-жағында тұрған *Тоққұлы, Аққұлы, Елбегі* секілді есімдердің құрамындағы қосымша I-жақтан мүлде алшақтап кетеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Жанұзақов Т.* Қазақ есімдерінің тарихы. — Алматы: Ғылым, 1971. — 218 б.
- 2 *Жанұзақ Т.* Есімдер сыры. (Тайны имен). — Алматы: «Парасат» журналы, 2004. — 140-б.
- 3 *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 375-б.

Б.Досжанов

Специфические особенности антропонимических аффиксов казахского языка

В статье рассматриваются специфические особенности антропонимических аффиксов, признаки, присущие им. Раскрывается также природа аффиксов. Автором выдвигается новая методика рассмотрения проблем, связанных с особенностями антропонимических аффиксов.

B. Doszhanov

The specific features of the Kazakh language affixes anthroponimical

The article devotes specific exhibitions of anthroponimic affixes and its general mines. The author shows new method decise problems of anthroponimic affixes.